

Тараз қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 14 мамырдағы N 29-5 Шешімі. Жамбыл облысы Тараз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 маусымда 106 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Тараз қалалық мәслихатының 2011.12.14 № 45-5 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Тараз қалалық мәслихатының 2011.12.14 № 45-5 Шешімімен.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына және «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 Қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тараз қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері бекітілсін.

2. «Тараз қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы» Тараз қалалық мәслихатының 2008 жылғы 23 қазандағы № 11-5 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-1-81 болып тіркелген, 2008 жылдың 3 желтоқсанында № 98 «Жамбыл-Тараз» газетінде жарияланған) күші жойылды **д е п** **т а н ы л с ы н .**

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың
сессиясының төрағасы*

Е.Митрофанова

*Қалалық мәслихат
хатшысы*

Ө. Байшығашев

Т а р а з

қ а л а л ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 4

м а м ы р д а ғ ы

№ 29-5 шешімімен бекітілген

Тараз қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері 1. Жалпы ережелер

1. Осы Тараз қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері (әрі қарай - Ережелер) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына (әрі қарай - Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесі) және «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қаулысына сәйкес сәйкес әзірленген.

2. Осы Ережелерде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

коммуналдық қызметтер - тұрғын үйде (тұрғын жайда) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, канализацияны, газбен, электрмен, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;

қызмет көрсетуді беруші - электрмен жабдықтаумен, жылумен жабдықтаумен, сумен жабдықтаумен, канализациялаумен айналысатын заңды және жеке тұлға, сондай-ақ қоқысты әкету мен лифт бойынша қызмет көрсету, абоненттері мен кондоминиум объектілеріне қызмет көрсету - жылу және электр энергиясын жеткізу болып табылады;

өтініш иесі (жеке тұлға) - жеке өзінің немесе отбасының атынан тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген адам;

уәкілетті орган – «Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

3. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет есебінен аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға):

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемін;

тұрғын жайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну төлемін;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету

жөнiнде

шаралар

қабылдайды.

Тараз қаласында тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйдi (тұрғын ғимаратты) күтiп-ұстауға ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерiн айқындайтын сметаға сай, бюджет қаражаты есебiнен тұрғын үйдi (тұрғын ғимаратты) күтiп-ұстауға арналған шығыстар төлемiн жұмсалатын коммуналдық қызметтердiң ақысын төлеуге жеткiзушiлер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегi көрсетiледi.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - Тараз қалалық мәслихатының 2011.10.12 № 43-6 Шешiмiмен.

4. Тұрғын үй көмегi телекоммуникация желiсiне қосылған телефон үшiн абоненттiк төлемақының, тұрғын үйдi пайдаланғаны үшiн жалға алу ақысының ұлғаюы бөлiгiнде тұрғын үйдi (тұрғын ғимаратты) күтiп-ұстауға арналған шығыстар төлемiн, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерiн тұтынуға нормалар шегiнде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шектi жол берiлетiн деңгейiнiң арасындағы айырма ретiнде айқындалады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - Тараз қалалық мәслихатының 2011.10.12 № 43-6 Шешiмiмен.

5. Ресми расталмаған табыс жұмысқа жарамды отбасының (азаматтың) әрбiр мүшесiне ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады
Тұрғын үй көмегiн тағайындау үшiн отбасының жиынтық табысы атаулы әлеуметтiк көмек туралы заңнамасымен айқындалған тәртiпте есептеледi.

Ескерту. 5-тармаққа толықтыру енгiзiлдi - Тараз қалалық мәслихатының 2010.12.23 № 36-7(2011 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгiзiледi) Шешiмiмен.

6. Белгiленген нормадан жоғары тұрғын үйдi (тұрғын ғимаратты) күтiп-ұстауға арналған шығыстар төлемiн, коммуналдық қызметтердi және телекоммуникацияның желiсiне қосылған телефонға абоненттiк ақының өсуi бөлiгiнде байланыс қызметтерiн тұтыну төлемiн, тұрғын жайды пайдаланғаны үшiн ақы төлеу жалпы негiздерде жүргiзiледi.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - Тараз қалалық мәслихатының 2011.10.12 № 43-6 Шешiмiмен.

7. Жеке меншiгiнде бiреуден артық тұрғын жайы (үйi, пәтерi) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға тапсыратын табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегi тағайындалмайды.

Мүгедектердi, магистратураны қоса алғанда, күндiзгi оқыту нысанында оқитын оқушылар мен студенттердi, тыңдаушылар мен курсанттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектердi, он алты жасқа дейiнгi бала кезiнен мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан адамдарды, үш жасқа дейiнгi балаларды

бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген, еңбек істеуге қабілеті болса да жұмыс істемейтін адамдары бар табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

2. Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) уәкілетті органға өтініш береді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй көмегін көрсетудің ережелерінде көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттар салыстыру үшін көшірме және түпнұсқада ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

9.Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемін, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге кеткен нақты шығындардың сомасынан асырыла алмайды. Жеке тұтыну есептеуіші бойынша пайдаланған коммуналдық қызметтердің нақты сомасы қызметтің сол түрі бойынша бекітілген нормадан аспауы қажет.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Тараз қалалық мәслихатының 2011.10.12 № 43-6 Шешімімен.

10. Алынып тасталды - Тараз қалалық мәслихатының 2011.10.12 № 43-6 Шешімімен.

11.Отбасының тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемін, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге шекті ұйғарынды шығындардың үлесі өзгерген кезде уәкілетті орган бұрын тағайындалған тұрғын үй көмегін қайта санауды жүргізеді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Тараз қалалық мәслихатының 2011.10.12 № 43-6 Шешімімен.

12. Тұрғын үй көмегін алушылар он күн ішінде қандай да болсын тұрғын үй меншігі нысандарының, отбасы құрамының, жиынтық табысының өзгергендері туралы және тұрғын үй көмегі мөлшеріне әсер ететін басқа да факторлар туралы, сондай-ақ, тұрғын үй көмегін дұрыс емес есептеген жағдайда уәкілетті органға х а б а р л а й д ы .

13. Тұрғын үй көмегінен заңсыз алынған сомалар алушымен ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда – сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

14. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде келесі өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының және коммуналдық қызметтерді тұтынудың нормалары ескеріледі:

1) өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормалары :

жеке басты азаматтар үшін – 30 шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтердің мөлшерінен аз емес және нақты алып жатқан алаңынан артық емес;

екі және одан да көп адамнан тұратын – отбасының әр мүшесіне 18 шаршы метр, бірақ нақты алып жатқан алаңынан артық емес;

2) электр қуатын тұтыну нормалары (бір айда): бірден бес адамға дейінгі отбасына – отбасының әрбір мүшесіне 80 киловатт;

бес және одан да көп мүшелі отбасына – 200 киловатт;

3) газ шығындарының нормасы:

газ пешінің, орталық жылу беру және ыстық су болған жағдайда айына 1 адамға – 18 текше метр ;

газ пешінің, орталық жылу беру және ыстық су болмаған жағдайда айына 1 адамға – 22 текше метр .

Коммуналдық қызмет тұтыну нормалары табиғи монополияларды (монополистік қызметті) реттеу бойынша аумақтық уәкілетті орган қолданатын, көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды) бекіткен кездегі коммуналдық қызметтерді босату нормаларына баламды.

Ескерту. 14-тармаққа 2)тармақшасына өзгерту енгізілді - Тараз қалалық мәслихатының 2010.12.23 № 36-7(2011 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3. Тұрғын үй көмегін төлеу тәртібі

15.Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемін , коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге шығындарды өтеу өтемақы соммалары уәкілетті органмен екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың өтініштері бойынша тиісті қызмет көрсетушілердің (қызмет жабдықтаушылардың) есеп шотына, ал телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу өтемақысын абоненттердің жеке есеп шотына аударылуы мүмкін.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - Тараз қалалық мәслихатының 2011.10.12 № 43-6 Шешімімен.

4. Қорытынды ережелер

16. Осы ережелермен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК